


**М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар
Ақмола колледжі**



Бекітемін:

М.Тынышпаев ат. ҚазККА Ақмола
колледжінің директоры


Г.Т.Нурманова

« 06 » 2022 ЖЫЛ

**ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ КЕҢЕСІНІҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже БҰҰ-ның балалар құқығы туралы Конвенциясы, Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылдың 09 шілде № 591-II заңына, 2002 жылдың 8 тамыз № 345-II «Қазақстан Республикасының бала құқығы» туралы заңына, колледж Жарғысына, ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес құрастырылды.

1.2. Осы ереже М.Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақмола колледжінің кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу бойынша нормативтік-құқықтық негіз болып табылады.

1.3. Кеңес құрамы жыл сайын колледж директорымен бекітіледі және төрағадан, орынбасары мен мүшелерінен тұрады. Кеңес құрамы тәжірибелі оқытушылардан құрылады. Оның құрамына міндетті түрде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді. Қоғамдық ұйымдар мен, құқық қорғау органдарының қызметкерлері кеңеске шақырылады.

1.4. Студенттер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңестің жұмысына колледж директоры басшылық етеді, директор болмаған жағдайда директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары басшылық жасайды.

1.5. Кеңес құрамы 5 немесе 9 адамнан тұрады. Кеңес хатшысын төрағасы тағайындайды.

1.6. Құқықбұзушылықты алдын алу Кеңесі құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, студенттер арасында тәртіпті күшейту мақсатында құрылады.

2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің қағидалары, мақсаты және міндеттері

2.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі келесі қағидаларға негізделеді:

- кәмелетке толмағандармен заңды, демократты және гуманистік қарым-қатынас жасау;
- кәмелетке толмағандарға және олардың отбасына жекелеген қарым-қатынас жасау;
- алынған ақпараттың құпиялығын сақтау;
- кәмелетке толмағандардың және олардың сенімді өкілдерінің құқықтарын бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға жауаптылықты жүктеу;

2.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі – бұл алқалы орган, студенттер арасындағы құқықбұзушылықты, девианты мінез-құлық және бейәлеуметтік тәртіптің алдын алу болып табылады.

2.3. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің міндеттері:

- кәмелетке толмағандар арасында психобелсенді заттарды пайдалану және құқықбұзушылық жағдайының мониторингін жасау;
- құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру және жүйесін құру;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуын, құқықбұзушылығын, қылмысқа баруының себебін анықтау және алдын алу;
- кәмелетке толмағандардың және олардың заңды өкілдерінің құқығын қорғауды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандардың қылмыстық немесе антиқоғамдық іс – әрекеттерге араласу жағдайларын анықтау және тоқтату;
- колледждің ішкі есебінде және ювеналды полиция тобында есепке алынған жасөсірімдерге қадағалау жүргізу;

- тәртібі қиын студенттер мен ата-аналарды анықтау, бала тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналар туралы ювеналды полиция тобына хабардар ету;
- құқықбұзушылыққа бейім студенттерді спорттық секцияларға, үйірмелерге тарту;
- жағдайлы мәселелерді колледж басшылығы шешім қабылдау үшін Педагогикалық кеңеске шығару;
- бала тәрбиесінде ата-аналарға, олардың заңды өкілдеріне әдістемелік кеңес беру;
- топ жетекшілерінің құқықбұзушылықты алдын алу жұмыстары, «тәуекел тобындағы» студенттермен жүргізген жұмыстары бойынша талдау жасау, саралау.

3. Жеке алдын – алу жұмыстары жүргізілетін арнайы топ

3.1. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесі кәмелетке толмағандардың келесі тобымен жеке алдын алу іс шараларын жүйелі түрде жүргізеді:

- бақылаусыз, қорғаусыз қалғандар;
- қыдырымпаздыққа бейім студенттермен;
- психобелсенді заттарды қолданатындармен;
- колледж ішкі есебінде тұрғандармен;
- ПБ–де есепте, әкімдік жанындағы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияда есепте тұрғандармен;
- накродиспансерде, ювеналды полициясы бөлімінде есепте тұрғандармен;
- колледждің Жарғысын бұзғандар.

3.2. Алдын-алу Кеңесі студенттер тәрбиесіне жауапты ата-аналар немесе оларды ауыстырушылар өз міндеттерін орындамаған жағдайда жеке алдын алу жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді. Сонымен қатар дәл осындай жұмыстар студенттерге ата-аналар тарапынан зомбылық көрсеткен жағдайда да жүргізіледі.

4. Құқық бұзушылықтың алдын – алу кеңесінің жұмыс тәртібі және ұйымдастырылуы

4.1. Кеңес төрағасы:

- Кеңес жұмысын ұйымдастырады;
- Кеңес отырысының өтілетін жері мен уақытын анықтайды;
- Кеңес отырысында төрағалық етеді;
- Кеңес хаттамасына қол қояды.

4.2. Кеңес төрағасы болмаған жағдайда кеңес отырысын төраға орынбасары басқарады.

4.3. Кеңес отырысының ұйымдастырылуын хатшы қамтамасыз етеді.

Кеңес хатшысы:

- Кеңес отырысына күн тәртібінің жобасын дайындайды;
- Кеңес мүшелеріне отырысты хабардар етіп және қажетті материалдармен қамтамасыз етеді;
- Кеңес хаттамасын рәсімдеп, кеңес шешімінің сараптамасын хабарлайды және орындайды.

4.4. Кеңес отырысы айына бір рет өткізіледі, (төтенше жағдайлардан басқа) өз құзіреті шегінде кеңес отырысында құқық бұзушылық туралы сұрақтарды қарастырады.

4.5. Құқық бұзушылықтың алдын – алу Кеңесі өз жұмысын педагогикалық кеңесте келісе жүргізеді;

4.6. Арнайы іс қаралған жағдайды, студенттермен бірге топ жетекшілері, студенттің ата-аналары шақырылады;

4.7. Кеңес отырысында қажет жағдайда өз құзіреті шегінде, бірлесіп мәселелерді шешу үшін арнайы дәрігер, психолог құқық қорғау қызметкері шақырылады;

4.8. Кеңес жұмысы оқу жылына жоспарланады. Жұмыс жоспарын педагогикалық кеңес отырысында талқылап, колледж директоры бекітеді.

4.9. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі өз жұмысын студенттермен тәрбиелік іс шаралар жүргізетін құқық қорғау органдары, қоғамдық ұйымдармен бірлесе атқарады;

4.10. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі аналитикалық қызметтер атқарады:
- колледж студенттері арасындағы құқық бұзушылық және қылмыстық деңгейі анықтайды;
- колледждегі алдын алу жұмыстарының жағдайын және өткізілген іс-шаралардың тиімділігін анықтайды;

- девианты мінез-құлықты студенттерді анықтайды;
- студенттердің тәртібі қоғамға қарсы түрткі болған жағдайды анықтайды;
- сараптама нәтижесін ата-аналар жиналысында ата-аналарға жеткізеді.

4.11. Кеңестің алдын алу Кеңесі құқық бұзушылықтың алдын-алу және психоактивтік заттарды пайдаланған студенттер бойынша жұмыстар жүргізеді:

- антиқоғамдық іс-әрекеттері бар, студенттердің жеке істерін қарайды;
- студенттермен жеке жұмыстар жүргізу бағдарламасын (жоспарын) анықтайды және бекіту үшін директорға ұсынады;
- қажетті жағдайда студентті немесе оның ата – анасын мамандарға (психологқа, дефектологқа, медициналық немесе әлеуметтік қызметтерге және т.б) кеңес алу үшін жібереді.
- студенттердің колледждің ішкі есебі қою және шығару жұмыстарын жүзеге асырады;
- тәрбиесі қиын студенттерге тәлімгерлік жасауды ұйымдастыру;
- ішкі және сыртқы есепте тұрған студенттердері колледжде және қалада бар қосымша білім беру ұйымдарына, іс шараларға, жазғы демалыс орындарына, еңбек бірлестіктеріне тартады;
- тұрмысы төмен отбасылармен алдын алу жұмыстарын жүргізеді;
- өз отырысында топ жетекшілердің, педагогикалық қызметкерлердің, жеке алдын алу жұмыстарын жүргізген басқа да мамандардың есептерін тыңдайды;
- өз отырысында бекітілген тәлімгерлердің есебін және олардың ұсыныстарын тыңдайды;
- құқықбұзушылықтың алдын алу және тәртіпті нығайту бойынша топ жетекшілердің ұсыныстарын тыңдайды.

4.12. Алдын алу Кеңесі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады:

- заңмен жүктелген бала тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналарды сәйкес ұйымдардың алдында жауапқа тарту туралы мәселені қозғайды;
- жүргізілген алдын-алу жұмыстары нәтиже бермеген жағдайда, басқа ведомство мамандарын тартумен, әкімдік жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқытарын қорғау комиссиясына істі қарау үшін материалдарды ұсынады;
- ата-аналарға және оларды алмастырушыларға көмек көрсетеді;
- педагогикалық ұжымды алдын алу іс – әрекеттері әдістері мен қазіргі заман нысандары бойынша оқытуды ұйымдастырады;
- алдын-алу Кеңесінің шешімін студенттерге, ата-аналарға, педагогикалық ұжымға таныстырады.

4.13. Кеңес шешімі колледж директорының бұйрығымен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының өкімі бойынша жүзеге асады.

4.14. Алдын алу Кеңесі жұмысының есебі директор жанындағы кеңесте тыңдалады және Кеңес жұмысы нәтижесінің материалдары колледждың оқу жылы ішінде жалпы талдауына кіреді.

5. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің құқықтар мен міндеттері:

5.1. Кеңес міндетті:

- психобелсенді заттарды пайдалануды және құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүзеге асыратын органдармен колледж оқытушылары және әкімшілігі арасында арақатынас жүйесін енгізу және дайындау;
- заттарды пайдалануды және құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша колледж жұмысын тиімділігін арттыруға жағдай жасау;
- өз қызметін саралау, есебін жүргізу және Кеңес отырысында, педагогикалық Кеңесте баяндау;

- кәмелетке толмағандардың ісін тек ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен жүргізу;

- Кеңес шешімімен ата-аналарды (заңды өкілдерді) қол қою арқылы таныстыру.

5.2 Кеңес құқылы:

- Студенттердің тәртіптерін түзету мақсатында жүргізілген жекеленген жұмыстар жайында оқытушыларды, ата-аналарды ақпараттандыру, кеңес беру;

- әкімдік жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқытарын қорғау комиссиясына заңға сәйкес бала тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналарға (заңды өкілдеріне) шара қолдану туралы ұсыныс жасау.

5.3. Алдын алу Кеңесі құжаттардың дұрыс рәсімделуіне (отырыс хаттамасы, өтінім хаттар, хаттар) және қабылданған шешімдердің заңдылығына жауап береді.

6. Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінің құжаттары.

6.1. Құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесінің құрылуы туралы бұйрығы.

6.2. Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жоспары.

6.3. Отырыс хаттамасы.

6.4. Колледждің ішкі есебінде тұрған студенттердің жеке ісі.

6.5. Қиын студенттер тізімі: ішкі есепке алынғандар, ЮПТ есепте тұрғандар, «тәуекел тобында» тұрғандар

6.6. Қиын отбасылар тізімі.